

Торайғыров университеті  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университет

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Педагогикалық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Педагогическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

---

**№ 3 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бегентаев М. М.

*д.э.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Абибуллаева А.,

*д.п.н., профессор*

Бурдина Е. И.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FABK6233>**Н. Ш. Алметов, Д. К. Азизханова**

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

## **ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫНЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ**

*Мақалада жоғары оқу орындары педагогикалық үдерісінде болашақ хореографтардың икемді дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Бүгінгі таңда икемді дағдылар маманның цифрлық қоғамның өзгермелі жағдайларындағы кәсіби қызметке жылдам бейімделуі және бәсекелестілігін шарты екендігіне назар аударылған. Икемді дағдылардың мәні, ерекшеліктері айқындалып, хореография саласында қызмет ететін мамандар үшін олардың маңыздылығына мән берілген. Икемді дағдылар хореограф- маманның кәсіби құзыреттілігінің ерекше мінездемесі, өзгермелі әлеуметтік-кәсіби өмірлік қызметте кәсіби ұтқырлығының шарты ретінде бағаланып, оған жалпы сипаттама берілген. Икемді дағдылар нақты пәндік салаға қатысты болмағанымен, олар мамандандырылған кәсіби дағдылар және кәсіби-тұлғалық сипаттармен тығыз байланыста қалыптасатындығы және әрекет жасайтындығына мән берілген. Хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығының негіздері жоғары оқу орнындағы хореографиялық білім беру үдерісінде жүйелі түрде қалыптастырылуы қажеттілігіне зейін аударылған. Икемді дағдылар болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды бағыты ретінде сипатталған. Икемді дағдыларды қалыптастыру жоғары оқу орнында хореографиялық білім беру үдерісінің кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың білімдік-тәрбиелік әлеуетін зерттеу және мақсатты пайдалануды болжайтындығына назар аударылған. Болашақ хореографтың икемді дағдыларын қалыптастырудағы жаңа мүмкіндіктер қарастырылып, психологиялық-педагогикалық шарттар түрінде тұжырымдалған. Болашақ хореографтың икемді дағдылары оның еңбек нарығындағы*

*алдағы өзгерістер және бәсекелестік жағдайындағы кәсіби іс-әрекеті тұрғысынан сипатталған.*

*Кілітті сөздер: болашақ хореограф, икемді кәсіби дағдылар, жоғары оқу орны, кәсіби ұтқырлық, қалыптастыру.*

### **Кіріспе**

Бүгінгі таңда жоғары білім беру ұйымдары қызметін бағалаудың негізгі көрсеткіші – бітірушілердің жұмысқа орналасуы. Яғни, мамандықты менгерген жастар қаншалықты (неше пайыз) жұмысқа орналасады, дәл осы көрсеткіш жоғары оқу орны қызметінің тиімділігін белгілейді. Жоғары оқу орны сапалы білім беруі мүмкін, бірақ студент – болашақ маман өз саласында жұмыс істемейтін, жұмысқа орналаспаған болса, демек оның өмірде пайдаланылбайтын сапалы жоғары білім алуының да мағынасы болмас. Шет елдік беделді ұйымдар мен мамандар «XXI ғасырлағы техникалық даму және қарқынды өзгерістегі бизнес-ортада икемді дағдылар сұранысқа ие болуына» ерекше назар аударады. «Икемді дағдылар қазіргі еңбек нарығында жұмысқа орналасудың сыни маңызды факторы» ретінде анықтайды [1].

Қазіргі таңда икемді дағдылар әрқашанғыдан да сұранысқа ие. «Қазірде икемді дағдылар әуелігіден де талапқа ие. 2030 жылдың өзінде барлық жұмыстардың үштан екі бөлегінде икемді дағдылар іске қосылады», – деген идеяны ұсынады Deloitte Access Economics дәрістері [2].

Икемді дағдылар (ағылшынша soft skills) мамандандырылмаған, мансаптық өсу үшін маңызды кәсіби үсті дағдылардың кешені. Мұндай дағдылар кәсіби іс-әрекет үдерісінде тиімді қатысуды, жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етеді. Икемді дағдылар нақты кәсіби саламен тікелей байланысты болмайды, демек нақты пәндік салаға қатысты емес. Икемді дағдылар, кәсіби дағдыларда айрықша, нақты жұмыстың ерекшеліктеріне тәуелді болмайды, тұлғалық сапалар және бағдарлармен, сондай-ақ әлеуметтік дағдылармен, менеджерлік қабілеттерімен тығыз байланыста болады [3].

Икемді дағдыларды қалыптастыру бүгінгі таңда жоғары білікті мамандарды даярлаудың өзекті мәселесіне айналып отыр. Икемді дағдылар бірінші кезекте студент – болашақ маманның өзгерістерге толы, бәсекелестік жағдайындағы табысты кәсіби-тұлғалық сапасы – кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды шарты. Икемді дағдылар мен арнаулы кәсіби дағдыларды кіріктіру арқылы болашақ маманның кәсіби ұткірлігін қалыптастыру мүмкін.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орындарында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісі.

**Зерттеу пәні:** кәсіби ұтқырлыққа бағдарланған болашақ хореографтың икемді дағдылары.

**Мақсаты:** болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы икемді дағдылардың мүмдіктерін айқындау.

**Міндеттері:**

– жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда икемді дағдылардың маңызын айқындау;

– болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға бағдарланған икемді дағдыларды анықтау және сипаттау.

**Зерттеудің әдістері және нәтижесі:**

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, икемді дағдылар кәсіби дағдылардан үстем, жоғары турады, оларды кәсіби үсті дағылар деп атау мүмкін. Икемді дағдылар жауапкершілік, тәртіптілік, өзіндік менеджмент сияқты тұлғалық сапалар, сонымен қатар командада жұмыс істеу, эмоциональдық интеллект сияқты әлеуметтік дағдылар және менеджерлік қабілеттері – уақытты басқару, көшбасшылық, мәселелері шешу, сын тұрғысынан ойлау т.б. қабілеттілік мен байланысты. Икемді дағдылар шығармашылық мамандықтар иелері – хореографтар үшін да аса маңызды. Бүгінгі хореограф жедел өзгеруші әлемдегі кәсіби іс-әрекетінде табысты қызмет жасауы үшін арнаулы, мамандандырылған кәсіби сипаттар мен қатар икемді дағдыларды меңгерген болуы қажет. Икемді дағдылар нақты пәндік салаға қатысты болмағанымен, шынайы өмірде олармен тығыз әрекеттеседі. Мамандандырылған дағдыларсыз, кәсіби маңызды ерекше сипаттарсыз икемді дағдылар дамымайды және қолданылмайды. Сол себепті, икемді дағдыларды кәсіби дағдылардан бөлек қарау, біздің пайымдауымызша, ғылыми тұрғыдан негізді емес.

*Біздің зерттеу жұмысымызда икемді дағдылар болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды факторы, шарты деп қаралады. Икемді дағдыларды қалыптастыру студент- болашақ хореографтың кәсіби дағдылары мен тұлғалық сапаларын қалыптастыру мен әрекеттестікте, байланыста қарастырылады.*

Хореография саласы – шығармашылық кәсіби іс-әрекет саласы. Студент-болашақ хореограф жоғары оқу орнында өнер саласында білім алады, арнаулы кәсіби маңызды дағдылар мен қасиеттерді меңгереді [4]. Бірақ, оның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру студенттердің бойында икемді дағдыларды қалыптастыруды қажет етеді, ал бұл өз кезегінде хореографиялық жоғары білім берудің гуманитарлық бағыттылығын қажет

етеді. Икемді дағдылар болашақ хореографтың кәсіби құзыреттіліктері тізімінде гуманитарлық құрамдастың үлесін арттырады.

Көптеген ғылыми-педагогикалық зерттеулерде икемді дағдыларды қалыптастыру болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Мысалы, Е. А. Корчагин [5] озық оқыту мен маманның кәсіби даярлаудың заңды байланыстарын зерттей келе, оның студент – болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы ерекше маңызыға назар аударған. Г. Н. Жуков мен Е. А. Пахомованың озық кәсіби білім беру стратегиясы кәсіби икемді маман даярлау міндеттеріне толығымен сай келеді [6].

Н. П. Гончарук мен Е. И. Хромованың пайымдауынша, «кәсіби ұтқырлықты дамытуға бағытталған білім беру үдерісі маңызды зияткерлік жүйелерді қалыптастырудан, студенттердің жеке танымдық стильдерін байытудан тұратын мақсаттардың ерекше түрін, ақыл-ой тәжірибесінің өзіндік сипатын көрсететін білім беру мазмұнын жобалауға сапалы жаңа тәсілдерді, ақыл-ойды дамытудың психологиялық әдістерін ескеретін және зияткерлік құрылымдардың тиімді дамуын қамтамасыз ететін технологияларды қамтиды» [7, 277–278 б.].

Р. З. Балягованың пайымдауынша «кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісінде тұлғаға бағдарланған тұғырды жүзеге асыруда студенттің рефлексивті іс-әрекеті, яғни өзіндік іс-әрекетін ұғынуы, өзіндік даму және өзі-өзі ұйымдастыру қабілеттерінің дамуы орын алады» [8, 26–27 б.].

О. В. Шатунова болашақ мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық ұтқырлығын қалыптастырудың икемді кәсіби дағдылармен байланысты құрамдас бөліктерін атап өтеді, яғни «инновациялық әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке бағдарлау; коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру; болашақ маманның білім беру жүйесі ішінде белсенді іс-әрекет жасау қабілеттерін және жобаланушы және болжалданушы кәсіби іс-әрекетте өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қабілеттерін дамыту» [9, 143 б.].

Мектепке дейінгі білім беру мамандарын даярлау мәселелеріне арналған еңбегінде К. И. Безменова икемді дағдыларды қалыптастыруға қатысты мына құнды пікірлерді білдірген: «...жеке және белсенді көзқарас, сыни ойлау, проблемаларды көру және талдау, шешім қабылдау және педагогикалық ұжымда ынтымақтастық орнатуға негізделген білім беру технологияларын енгізу қажет. Қазіргі қоғамда сұранысқа ие мектепке дейінгі мекеме мұғалімінің кәсіби дайындығының әмбебап мазмұны педагогикалық ұтқырлықты педагогикалық іс-әрекеттің барысы мен мазмұнын икемді өзгерту қабілеті ретінде қалыптастыру міндетін қояды, бұл педагогикалық

жағдайлардағы қиындықтар мен тосқауылдарды икемді түрде жеңуге мүмкіндік береді» [10, 27–28 б.].

Икемді дағдылар болашақ хореографтарды жаңа кәсіби жағдайларға бейімделуін және өзгерістер жағдайында табысты қызмет жасауын қамтамасыз ететін жоғары дәрежедегі, кәсіби дағдылардан үстем құзыреттіліктер ретінде де сипатталуы мүмкін.

Икемді дағдыларға қандай дағдылар жатады? Олар болашақ хореографтын кәсіби маңызды сапалары, дағдылары мен қандай байланыста және өзара әрекеттесуі мүмкін?

***Бірінші топ икемді дағды – оқуға, білуге деген ұмтылыстарды анықтайтын дағдылар.*** Бұл қазіргі еңбек нарығы әлемінде ең жоғары сұранысқа ие болған дағды. Жұмысқа қабылдануға идеалды талапкер – бұл өзін-өзі ұдайы дамытушы, белсенді және бастамашыл маман. Би өнері саласында бәсекелестік жоғары екендігі мәлім. Сондықтан, жұмыс берушілер хореограф мамандардың мынандай икемді дағдыларын құнды бағалайды: хореография өнері саласындағы жаңалықтарды білуге деген зор қызығушылық және олар туралы заманауи ақпарат көздерін – медиақұралдарды пайдалану дағдылары: аудио- видеоктіпатар оқу, вебинарлар мен подкасттар тыңдау; би өнері саласында бәсекелестікті қадағалап бару, көрермендердің, өнер мектебі оқушылары мен ата-аналардың, қызмет тұтынушыларының пікірлерін тыңдау; әріптестері мен кәсіби ақпарат алмасу; кәсіби шеберлігін, би техникасын мақсатты түрде, жоспарлы жетілдіру; педагогтық білімі мен қабілеттерін жүйелі дамыту (хореограф-педагогтар үшін).

Қазіргі таңда кәсіби еңбек саласынан тыс (өнер немесе педагогика саласында қызмет ететін хореографтар үшін) трендте қалудың бірден-бір жолы – өзінің білімі мен біліктілігін жаңа талаптарға сай сақтап тұру, өнер және педагогтық шеберлігінің өзектілігін тұрақты ұстай білуге қабілеттілік. Осы тұрғыдан хореограф өнер немесе педагогикалық жұмыс саласындағы өзгерістерді ұдайы байқап баруы керек. Өз кәсіби шеберлігінің өзгерістерге, жаңа талаптарға сай келмейтін қырларын дер кезінде анықтауы және олқылықтарды уақытлы жоюға әрекет жасау дағдыларын меңгерген болуы керек.

***Екінші топ икемді дағдылар – өнер және өнер саласындағы білім тұтынушыларының қалауын, мінезін түсіну.*** Қазірде нарық талаптарын ескермей жұмыс істеп дамитын бірде-бір сала болмас. Би өнері шығармашылық ұжымдары, немесе өнер мектептері тұтынушылар, клиенттердің қалауын, олардың мінезін зерделеуі, оларды табысты еңбек үшін бағыттаудың тәсілдерін білуге міндетті. Болашақ хореограф-

маман өз өнерін, шеберлігін, өнер саласында білім беруді тұтынушылар қалауларына сәйкестендіру, тұтынушылардың көрсетілген қызметтен қанағаттануын, қаншалықты қабылдағандығын зерделей білуі қажет. Адамдар медиақұралдар арқылы өнер туындыларын қабылдауда. Бірақ, сонда-да би өнерінің, жанды би орындаушылықтың маңызы жоғалмады, жоғалмайды да. Классикалық қазақ би өнеріне, сондай-ақ әлем халықтары би өнерінің ғажайып туындыларына сұраныс азаймайды. Болашақ хореограф-маман мынандай икемді дағдыларды меңгеруі қажет:

– өнер саласындағы қызметтер, өзгерістер, жаңалықтарды ұдайы байқап бару, хореография және хореографиялық білім саласындағы өзгерістерден ұдайы хабардар бөлу;

– би өнері туындылары, өнер мектептері тұтынушыларының қалауларын, бейімдіктерін, талғамдарын диагностикалау тәсілдерін пайдалану, нарықтың сұранысы туралы тұжырымдар жасау;

– өзінің қызметіндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтау және сәйкес өзгерістер енгізу (жаңа, тиімді өнер туындылары, қызметтер, жұмыс тәсілдерін ұсыну);

– нарықтық талаптарды ескере отырып, шынайы өнер және дәстүрлі педагогикалық құндылықтардан арылмау.

***Үшінші топ икемді дағдылар – кәсіби қызметтегі өзгерістерге жылдам бейімделу.*** Хореография саласы, сыртынан маманның дәстүрлі тұғырлар мен ұзақ уақыт жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін, классикалық тәсілдер басым қызмет саласындай көрінуі мүмкін. Бұл өндіріс немесе жоғары технологияларды талап ететін басқа сала еместей. Дегенмен, жоғарыда атап айтылғандай өзгерістерден, қарқынды өзгерістерден тыс қалған адам қызметінің бірде саласы жоқ. Жас маман хореография саласы да осы қағидаттан ерекше емес. Өнер саласында да ұйымдастырушылық, технологиялық өзгерістер, нарықта бәсекелестікті сақтау үшін өзіндік кәсіби дағдыларын кеңейту үшін өзгерістерге бейімделуі қажет. Жаһандану, цифрлендіру заманында адамдардың би өнеріне деген көзқарастары, құндылықтары мен қатар өнер саласында қызмет көрсетудің тәсілдері, өнер мектептерінің қызметі де өзгеруі анық. Сол себепті, студент-болашақ хореограф өзіндік комфорт аумағынан шыға алатын, өзгерістерді көре алатын, оларды даму және жаңалықтар енгізу үшін жаңа мүмкіндіктер деп қабылдайтын болуы керек.

Студент-болашақ хореограф кәсіби қызметтегі өзгерістерге жылдам бейімделу үшін мынандай икемді дағдыларды меңгеруі қажет: кәсіби саладағы сын-қатерлерді зерделеу, білу; өзгерістерді, жаңалықтарды оң



қабылдай білуі; кәсіби қызметтің күтілмеген жағдайларын оң, мүмкіндік ретінде қабылдауға даярлық; жаңалықтарға, өзгерістерге жылдам бейімделу.

**Төртінші топ икемді дағдылар – тиімді кәсіби қарым-қатынастар құрастыру.** Болашақ хореограф белгілі деңгейде өнертапқыш болуы, негізді шешімдер қабылдауға үйренуі керек. Әріптестер мен тиімді қарым-қатынас құрастыру дағдыларының хореограф мамандар үшін маңыздылығы жоғары. Би техникасы, би өнері саласындағы жаңа идеялар, оқушыларға би өнерін үйретудің жаңашыл тәсілдері туралы құнды ой-пікірлерді әріптестеріне түсіндіре алған, оларды қызықтыра алған маман жалғыз мақсатқа жетуді көздеуші мамандан мүлдем айрықшаланады. Тиімді кәсіби қарым-қатынастар құрастыру үшін болашақ хореограф мынандай икемді дағдыларды меңгеруі қажет: жаңа идеялар, шешімдер ұсыну; өз идеяларын әріптестерімен бөлісу, қорғау, жылжыту; ойлау еркіндігі, ашықтығы және ынтымақтастық; кәсіби салада пайдалы пікір алмасу; әр түрлі идеяларды, ой-пікірлерді тындау білу, қарсы пікірлерді әдептілік пен жеткізу, әріптестерінің пікірін құрметтеу; тиімді кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін пайдалану.

**Бесінші топ икемді дағдылар – ұйымдастырушылық дағдылары.** Болашақ хореограф-маман өз қызметін, өзі басқаратын шығармашылық топтың немесе өнер мектебі оқушыларының, ал менеджер ретінде бишілер немесе педагогтар тобының іс-әрекетін ұйымдастыру дағдыларын меңгерген болуы керек. Егер ұйымдастыру әлісз болса, кейде жоғары деңгейдегі би техникасы да, педагогикалық шеберлік те күтілген нәтижелер бермеуі мүмкін. Болашақ хореограф мынандай ұйымдастырушылық дағдыларына ие болуы керек:

- жалпы өнер және хореография саласында арнаулы ұйымдастырушылық дағдыларын меңгергендік – уақытты басқару, ресурстарды ұтымды пайдалану, қызмет бөлісу, команда мүшелері іс-әрекетін үйлестіру т.б.;
- тиімді командалар құру және олардың іс-әрекетін ұйымдастыру;
- өнер мектептері оқушылары, шәкірттер (менторлық қызметін атқарған жағдайда) іс-әрекетін ұйымдастыру.

Болашақ хореографтардың икемді дағдыларын қалыптастыру жоғары хореографиялық білім беру бағдарламасының осы бағыттағы педагогикалық іс-әрекет мақсаттарын іс-жүзіне асырудағы әлеуетін пайдалануды болжайды [11]. Мысалы, «Философия» пәнінің мазмұны арқылы студенттер өзгермелі әлем, жаһандану жағдайында білім беру философиясы, білім берудің жаңа парадигмалары, «ұтқырлық», «кәсіби икемділік» ұғымдарының философиялық мәні мен мағынасын меңгереді. «Хореографияда кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру» таңдаулы курсын оқытуда хореографиялық ұжымды кадрлық қамтамасыз етудегі мәселелер, өзгерістер, инновациялар және

олардың хореографиялық ұжым мен хореографтардың кәсіби қызметіне әсері, хореографиялық саладағы бәсекелестік орта, хореографтың бәсекелестігін анықтайтын факторлар мен кәсіби-тұлғалық сапалар, хореограф қызметінің тиімділігі және маманның кәсіби ұтқырлығы мәселелері бойынша білімдер алынып, шыармашылық сипаттағы арнаулы тәжірибелік тапсырмалар орындалады.

### **Қорытынды**

Жалпы, бүгінгі хореограф маман тек дәстүрлі және аса арнаулы кәсіби дағдыларды меңгерген, тар бейіндік маман болуы мүмкін емес. Жылдам өзгерістер, еңбек нарықындағы бәсекелестік жағдайында оның кәсіби ұтқырлығы аса маңызды факторға айналады. Кәсіби ұтқырлық арнаулы кәсіби құзыреттіліктер мен қатар кәсіби үсті – икемді дағдылардың қалыптасқандығын талап етеді. Бірақ икемді дағдылар арнаулы кәсіби дағдылардан айрықша, өзінше пайдаланбайды, хореографтың кәсіби дағдыларымен әрекеттестікте жүзеге асырылады.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 Гибкие навыки [Электронды ресурс]. – [www. Vikipedia](http://www.Vikipedia).
- 2 **Тлеубаева, Б. С.** Формирование профессионально значимых качеств будущего педагога хореографа// Материалы международной научно-практической конференции «Вопросы хореографического искусства и образования конца XX–начала XXIвв.» 3–7 апреля 2017 года. – Алматы, 2006. – 139 с.
- 3 **Синенко, Т. Н.** Диалогичность учебной ситуации как предпосылка эффективности формирования способности будущего педагога к межличностному взаимодействию в профессиональной деятельности. Известия Волгоградского государственного технического университета. Серия : Проблемы социально-гуманитарного знания. – 2014. – 5 (132). – С. 77–80.
- 4 **Кульбекова, А. К.** Формирование основ профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусства Казахстана : системный подход// Дисс... доктора пед. наук. – М., 2009. – 444 с.
- 5 **Корчагин, Е. А.** Опережающее обучение и профессиональная подготовка специалиста : точки соприкосновения// Казанский педагогический журнал, 2003. – № 1. – 252 с.
- 6 **Жуков, Г. Н., Пахомова, Е. А.** Стратегия опережающего профессионального образования// Профессиональное образование в России и

за рубежом, 2009.-№1 URL: cyberleninka.ru/article/n/strategiya-operezhayuschego-professionalnogo-obrazovaniya (Дата обращения 30.10.2020 г.).

7 **Гонарук, Н. П., Хромова, Е. И.** Формирование профессиональной мобильности будущих инженеров в образовательном процессе вуза // Вестник Казанского технологического университета. – 2012. – № 13. – 158 с.

8 **Балягова, Р. З.** Формирование профессиональной мобильности будущих специалистов нефтегазодобывающей отрасли // Вестник ЧГПУ, 2010. – № 6. – С. 25–31.

9 **Шатунова, О. В.** Формирование социально-профессиональной мобильности будущих учителей // Профессиональное образование в России и за рубежом, 2016. – № 1. – С. 143–146.

10 **Безменова, К. И.** Технология формирования профессиональной мобильности педагога дошкольного образовательного учреждения // Педагогическое мастерство : Материалы VIII Междунар. науч. конф. – М. : Буки-Веди, 2016. – С. 26–28.

11 Модульная образовательная программа. «Современные школы хореографии» в рамках специальности 5В040900 - Хореография. Уровень образования бакалавриат. – Шымкент : ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2018. – 102 с.

## References

1 Gibkiyenyki [Flexible skills] [Electronic resource]. – www. Wikipedia.

2 **Тлеубаева, В. S.** Formirovaniye professional'no znachimyykh kachestv budushchego pedagoga khoreografa [Formation of professionally significant qualities of the future teacher of the choreographer]. In Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Temy khoreograficheskogo iskusstva i obrazovaniya v kontse XX – nachale XXI veka». [Materials of the international scientific-practical conference] «Topics about choreographic art and education at the end of XX –beginning XXI century». – April, 3–7, 2017. – Almaty, 2006. – 139 p.

3 **Sinenko, T. N.** Dialogichnost' uchebnoy situatsii kak predposylka effektivnosti formirovaniya sposobnosti budushchego pedagoga k mezhlchnostnomu vzaimodeystviyu v professional'noy deyatel'nosti. [Dialogue of the educational situation as a prerequisite for the effectiveness of the formation of the future teacher's ability to interpersonal interaction in professional activity]. In Bulletin of the Volgograd State Technical University. Series : Problems of social and humanitarian knowledge. – 2014. – 5 (132). – P. 77–80.

4 **Kulbekova, A. K.** Formirovaniye osnov professional'nogo masterstva khoreografov v vuzakh i uchrezhdeniya khkul'turyi iskusstva Kazakhstana

: sistemnyypodkhod [Formation of the foundations of professional skill of choreographers in universities and institutions of culture and art of Kazakhstan: a systematic approach] // Diss ... doctor ped. nauk. – Moscow, 2009. – 444 p.

5 **Korchagin, E. A.** Operezhayushcheye obucheniye i professional'naya podgotovka spetsialista : tochki soprikosnoveniya [Advance education and professional training of a specialist : points of contact]. In Kazan pedagogical journal, 2003. – № 1. – 252 p.

6 **Zhukov, G. N., Pakhomova, E. A.** Strategy of advanced vocational education // Professional education in Russia and abroad. – 2009. – № 1. [Electronic resource]. – URL: cyberleninka.ru/article/n/strategiya-operezhayuschego-professionalnogo-obrazovaniya (Date of access 10.30.2020).

7 **Gonaruk, N. P., Khromova, E. I.** [Formation of professional mobility of future engineers in the educational process of the university]. In Bulletin of Kazan Technological University. – 2012. – № 13. – 158 p.

8 **Balyagova, R. Z.** Formirovaniye professional'noy mobil'nosti budushchikh spetsialistov neftegazodobyvayushchey otrasli [Formation of professional mobility of future specialists in the oil and gas industry]. In Bulletin of ChSPU, 2010. – № 6. – P. 25–31.

9 **Shatunova, O. V.** Formirovaniye sotsial'no-professional'noy mobil'nosti budushchikh uchiteley [Formation of social and professional mobility of future teachers]. In Professional education in Russia and abroad, 2016. – № 1. – P. 143–146.

10 **Bezmenova, K. I.** Tekhnologiya formirovaniya professional'noy mobil'nosti pedagoga doskol'nogo obrazovatel'nogo uchrezhdeniya [Technology of formation of professional mobility of a teacher of a preschool educational institution]. In Pedagogicheskoye masterstvo : Materialy VIII Mezhdunar. nauch. konf. [Pedagogical skill : Proceedings of the VIII Intern. scientific. conf]. – Moscow : Buki-Vedi, 2016. – P. 26.

11 Modular educational program. «Modern schools of choreography» within the specialty 5B040900-Choreography. Level of education bachelor's degree. – Shymkent : M. Auezov SKSU, 2018. – 102 p.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

*Н. Ш. Алметов, Д. К. Азизханова*

**Формирование гибких навыков как условие профессиональной мобильности будущего хореографа**

Южно-Казахстанский университета имени М. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Шымкент,

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

*N. Sh. Almetov, D. K. Azizhanova*

## **Formation of flexible skills as a condition of the professional choreography stability**

M. Auevov South-Kazakhstan University,  
Republic of Kazakhstan, Shymkent.  
Material received on 30.09.20.

*В статье рассматривается проблема формирования гибких навыков у будущих хореографов в вузе. Обращается внимание на роль гибких навыков в профессиональной деятельности специалиста, в его быстрой адаптации к условиям быстроизменяющегося цифрового общества, в развитии конкурентоспособности. Охарактеризованы сущность гибких навыков, их особенности и роль для специалистов области хореографического искусства. Гибкие навыки оцениваются как особая характеристика профессиональной компетентности хореографа-специалиста, как условие его профессиональной мобильности в социально-профессиональной жизнедеятельности. Отмечается, что хотя гибкие навыки не касаются конкретной предметной области, они тесно связаны с специализированными профессиональными умениями и навыками и профессионально-личностными качествами, а также взаимодействуют с ними. Обращается внимание на необходимость системного формирования гибких навыков будущего специалиста-хореографа в процессе хореографического образования в вузе. Формирование гибких навыков характеризуется как важное направление профессионального становления профессионально-мобильного будущего хореографа. Формирование гибких навыков предусматривает изучение и целенаправленное использование образовательно-воспитательного потенциала процесса хореографического образования в вузе. Рассмотрены новые возможности формирования гибких навыков у будущих хореографов, которые сформулированы как психолого-педагогические условия. Гибкие навыки студентов – будущих хореографов характеризуются через призму его будущей профессиональной деятельности в среде изменений и конкуренций на трудовом рынке.*

*Ключевые слова: будущий хореограф, гибкие навыки, высшее учебное заведение, профессиональная мобильность, формирование.*

*The article deals with the problem of developing flexible skills for future choreographers in higher education. Attention is drawn to the role of flexible skills in the professional activity of a specialist, in his rapid adaptation to the conditions of a rapidly changing digital society, in the development of competitiveness. The article describes the essence of flexible skills, their features and role for specialists in the field of choreographic art. Flexible skills are evaluated as a special characteristic of the professional competence of a choreographer-specialist, as a condition for his professional mobility in social and professional life. It is noted that although flexible skills do not relate to a specific subject area, they are closely related to and interact with specialized professional skills and professional and personal qualities. Attention is drawn to the need for systematic formation of flexible skills of a future specialist choreographer in the process of choreographic education in higher education. The formation of flexible skills is characterized as an important direction of professional development of a professionally mobile future choreographer. The formation of flexible skills involves the study and purposeful use of the educational potential of the process of choreographic education in higher education. New opportunities for developing flexible skills in future choreographers are considered, which are formulated as psychological and pedagogical conditions. Flexible skills of students-future choreographers are characterized through the prism of their future professional activity in the environment of changes and competition in the labor market.*

*Keywords: a choreographer, a navigator, a lot of fun, professional mobility, and training.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz